



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 19 тамыз

2019 жылғы 9 тамыз – 16 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

16 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптада 0,2%-ға нығайып (387,47-ден), бір АҚШ доллары үшін 386,82 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 9 тамыз 16 тамыз аралығындағы кезеңде АҚШ Президентінің бірқатар Қытай тауарларының импортына 10%-дық баждар енгізуді желтоқсанға дейін кейінге қалтыру шешімі, ҚХР-дың АҚШ-тың жаңа баждарына жауап беру ниеті туралы мәлімдемесі, АҚШ пен Ұлыбритания қисықтарының инверсиясы, Германия экономикасының 2-тоқсанда тоқсандық көрсетілімде 0,1%-ға теріс өсуі туралы, Қытайда өнеркәсіптік өндірістің өсу қарқынының баялауы (+4,8% ж/ж) туралы деректерді жария ету болды.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Индонезия рупиясы** ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық қатынастардағы созылмалы шиеленісінің аясында капиталдың әкетілуі (инвесторлардың МБҚ сатуы) аясында 0,3%-ға (14 194-тен 14 240-қа дейін) әлсіреді. ОБ негізгі мөлшерлеменің одан әрі төмендеу ықтималдылығының сақталуы туралы мәлімдеді;

- **Оңтүстік Африка ранды** алты ай қатарынан бөлшек сауданың ұлғаюы туралы (маусымда +2,4% ж/ж) оң деректердің шығуына қарамастан, кірістілік қисығының инверсиясына байланысты АҚШ-ғы рецессия туралы инвесторлардың қауіптенуі аясында 0,4%-ға (15,25-тен 15,31-ге дейін) әлсіреді;

¹ АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **үнді рупиясы** тәуекел-сентиментінің жаһандық нашарлауы, сондай-ақ шетелдің қорлар үшін салықтарды арттыру бойынша Үкіметтің бастаманы жоюы туралы жаңалықтардың болмауы аясында 0,5%-ға (70,79-дан 71,16-ға дейін) әлсіреді;


- **Мексика песосы** инфляция мен экономиканың баяулауына байланысты реттеушінің негізгі мөлшерлемені соңғы 5 жыл ішінде алғаш рет 8%-ға дейін төмендету туралы шешімінің аясында 1,3%-ға (19,41-ден 19,66-ға дейін) әлсіреді. Moody's талдамалы жазбада неғұрлым төмен кірістер биылғы жылы шығыстарды қысқарту бойынша жоспарға қарамастан, неғұрлым жоғары бюджет тапшылығына әсер етеді деп атап өтті;

- **түрік лирасы** әлемнің озық экономикаларындағы рецессиядан қауіптенуге байланысты инвесторлардың тәуекел-тәбетінің төмендеуі аясында 1,5%-ға (5,5-тен 5,58-ге дейін) әлсіреді;


- **Бразилия реалы** инвесторлардың тәуекел активтерді жаһандық сатуы аясында 1,8%-ға (3,94-тен 4,01-ге дейін) әлсіреді. Реттеуші 21 тамыздан бастап ұлттық валютаның күрт құнсыздануына жауап ретінде он жылда алғаш рет халықаралық резервтерден долларлар сатуды бастайтыны туралы хабарлады.

- **Ресей рублі** мұнай бағасының өсуінің баяулауы, Еуроаймақ пен АҚШ-та рецессияны күтулердің аясында 1,9%-ға (65,26-дан 66,51-ге дейін) әлсіреді;



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, 26% (2019 жылдың басынан бастап 2019 жылғы 16 тамыз аралығында)



Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2019 жылғы 9-16 тамыз)



Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 16 тамыз = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 2704 591 (1452, 5556)
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz